

2009 жылға арналған Зырян ауданының мақсатты тобын анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 307 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 мамырда N 5-12-82 тіркелді. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 08 желтоқсандағы N 362 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 2009.12.08 N 362 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының, 7 бабының 2 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 қаулысымен бекітілген заңға қарасты құқықтық нормативтік актілер жобасын ресімдеу және келісу Ережесіне сәйкес, әкімдік **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылға арналған Зырян ауданының келесі мақсатты тобын анықталсын :

- 1) а з қ а м т ы л ғ а н д а р ;
- 2) жиырма төрт жасқа дейінгі жастар;
- 3) жиырма төрт жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілері, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім-балалар мен балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелейтін жалғыз басты көп балалы а т а - а н а л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының белгіленген заңнама тәртібінде үнемі көмек және қадағалауды қажет ететін азаматтар;
- 6) 50 жастан асқан тұлғалар;
- 7) м ү г е д е к т е р ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарынан босатылған т ұ л ғ а л а р ;
- 9) бас бостандығынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған тұлғалар;
- 1 0) о р а л м а н д а р ;
- 11) ағымдағы жылы бітірген, жиырма сегіз жасқа дейінгі оқу мекемелерінің

т ү л е к т е р і ;

12) ВИЧ-инфицированы, есірткіге құмар азаматтар;

13) өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне, соның ішінде қайта ұйымдастыру және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтіндер;

14) еңбекақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;

15) жазғы каникул уақытындағы студенттер;

16) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Зырян ауданы әкімдігінің 2009.06.09 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

2. «Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Р.З. Оспанова)

1) тұрғындардың мақсатты тобына жататын тұлғаларды уақытша жұмыспен қамту жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) тұрғындардың мақсатты тобына жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыруға ықпал көрсетсін.

3. 2009 жылғы 17 ақпандағы № 5-12-76 Зырян ауданының Әділет басқармасында тіркелген, «Зырян ауданы бойынша 2009 жылға арналған тұрғындардың мақсатты тобына жататын тұлғалар үшін әлеуметтік жұмыс орнын құру және төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 181 қаулысының 1 тармағының 4 тармақшасы күші жойылды деп есептелсін.

4. Қаулы ресми жарияланғаннан және 2009 жылғы 5 қаңтарда шыққан құқық қарым-қатынасы таралған күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау әкім орынбасары Э.Я. Гейгерге жүктелсін.

Зырян ауданының әкімі

В. Якупов